

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау
министрлігіҚазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрінің
2025 жылғы 7 қарашадағы № 139
бұйрығыМинистерство здравоохранения Республики
Казахстан

**«Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі
Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті» республикалық
мемлекеттік мекемесінің және оның аумақтық бөлімшелерінің ережелерін
бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020
жылғы 8 қазандағы № 644 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы**

БҰЙЫРАМЫН:

1. «Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі
Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті» республикалық мемлекеттік
мекемесінің және оның аумақтық бөлімшелерінің ережелерін бекіту туралы»
Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 8 қазандағы
№ 644 бұйрығына мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген «Қазақстан Республикасының Денсаулық
сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті Астана
қаласының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті»
республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесінде:

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«8. Заңды тұлғаның орналасқан жері – 010000, Қазақстан Республикасы,
Астана қаласы, Байқоңыр ауданы, Абай даңғылы, № 47 ғимарат.».

2. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі
Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті Қазақстан Республикасының
заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрық қабылданған күннен бастап бес жұмыс күн ішінде оның
электрондық түрдегі қазақ және орыс тілдеріндегі көшірмелерін ресми жариялау



«ЗҚАИ» ШЖҚ РМК лауазымды тұлғаның ЭЦҚ мәліметі бар QR-код



ҚР НҚА ЭББ-гі нақты
құжатқа сілтеу QR-коды

және Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрі **А. Альназарова**